

FOLK MUSIC TRAINING'S IMPACT ON NATIONAL EDUCATION PROCESS OF STUDENTS

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Eraliyeva TOLKIN

Lecturer, T.Zhurgenov Kazakh National Art Academy, eralieva.tolkin@mail.ru

Asilbek AKJAN

Researcher, T.Zhurgenov Kazak National Academy

Konırbayeva SARASH

Assoc. Prof.Dr., Kazakh State Women's Teacher Training University, pedsheberlik@mail.ru



Кілттік сөздер

музыка өнері, патриоттық тәрбие, жастардың адамгершілік қасиеттері, моральдық интеллектуалдық орта, оқушылардың тұлғалық сезімдері

Резюме

Автором затронуты проблемы патриотического воспитания посредством казахской народной музыки, их значимость в восприятии шедевров музыкального искусства, вопросы организации воспитательных мероприятий с участием учащихся.

Annotation

An author is affect the problems of patriotic education by means of Kazakh folk music, their meaningfulness in perception of masterpieces of musical art, questions of organization of воспитаельных events with participation students.

Қазіргі жаңа қоғам жағдайында адамгершілік бастамасының рөлі күннен-күнге артуда, әрбір адамның моральдық, адамгершілік бейнесіне, мінез-құлқына қойылатын талап та өсуде. Мектеп ең алдымен, жан-жақты дамыған саналы азаматты дайындауды өзіне мақсат ете отырып, жас ұрпақтың ғылыми көзқарасы мен адамгершілігін қалыптастыру міндеттерін қояды. Жас ұрпаққа тәрбие берудің негізгі жолдары көптеген ғалымдардың еңбектерінде сараланады. Олар жастарға берілетін білім мен тәрбие жұмыстарының бәрі моральдық тәрбие беруді көздеуі керек деген пікірді ұстанады. Мораль туралы ілім – жеткіншектердің тәрбие теориясының әдіснамалық негізі. Мемлекет ісіне деген берілгендік, Отанға, басқа мемлекеттерге деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, мектепте жеткіншектердің адамгершілік тұрғыда қалыптасу процесінің негізгі бір саласы – патриоттық тәрбиенің жүзеге асырылуының басты бағытын айқындауға ықпал етеді.

Мораль – бүкіл тәрбие процесінің негізі және оның барлық құрамды бөліктерін қамтиды. Ол, ең алдымен, халықтың сана-сезімінде және істерінде көрініс алады. Адамдарды белсенді еңбек пен қоғамдық іс-әрекеттерге талаптандыратын адамгершілік сезімдерінің ішіндегі аса бір әсерлі де тереңі *патриотизм сезімі*. Ол идеялық сеніммен байланыста бола отырып

қазақстан халқының еңбекке деген көзқарасынан, саналы тәртібінен, еңбектегі және жауынгерлік ерліктерінен, өмірі мен іс-әрекеттерінің басқа да саласынан көрініс алады. Бұл, өз кезегінде, бүгінгі таңда жеткіншектерде патриотизм сезімін тәрбиелеуде жалпы білім беретін мектептің алдында тұрған жетекші міндетті айқындайды, қоғамдық идеяларды оқушылардың жеке басының сеніміне айналдыруға, жаңа қоғамдық құрылыс мүддесіне сай әрбір тұлғаның тіршілік әрекетін одан әрі қамтамасыз етуге итермелейді.

Нағыз азамат – патриот өзінің Отан алдындағы борышын сезінеді. Әртүрлі мәдени-материалдық құндылықтарды жасауда оның қоғам үшін, өзінің жеке басы үшін маңызын жақсы түсінеді. Ол нағыз патриотизмнің халыққа қызмет етуде көрініс алатынын біледі. Өткен ұрпақтың тәжірибесін танып білуге, құнды дегеннің бәрін сақтауға, сонымен қатар қоғамды қайта құруда өз үлесін қосуға, озық тәжірибесін келешек ұрпаққа жеткізуге талпынады.

Бүгінгі таңда жастарды патриотизмге тәрбиелеудің мазмұны – көптеген ғалымдардың зерттеу пәні. Олар «патриотизм» ұғымының пайда болуы мен дамуын, адамның патриоттық санасын және патриотизмге тәрбиелеудің формалары мен әдістерін қарастырады.

Біз «патриотизм» ұғымының мазмұнын айқындай отырып, оның анықтамаларына аса мән бердік. Қазіргі философиялық, саяси және педагогикалық әдебиеттерде «патриотизм» (грек тілінде рагіз – Отан, Отанға деген сүйіспеншілік, өз халқына деген сүйіспеншілік деп түсіндірілсе, үлкен энциклопедияда, «патриотизм - Отанға деген сүйіспеншілік, оған берілгендік, өзінің әрекеттерімен оның мүддесі үшін қызмет етуге ұмтылу» деп анықтама беріледі [1]. Осы анықтамаларда бірінші кезекте, адамның қоршаған болмысқа деген қарым-қатынасы арқылы байқалатын эмоционалдық-сезімдік ұғым көрініс алады. Бәлкім, педагогикалық әдебиеттерде патриотизм сезіміне тәрбиелеу деген түсініктің жиі кездесетіні де осымен түсіндірілетін шығар. Алайда адамның қоғамдағы өмірі нақты әрекеттермен, мінез-құлық ережесімен, адамдардың өзара қарым-қатынасымен байланысты.

Ұлттық патриотизм, деген өз ұлтының, мәдениеті мен әдебиетінің тілі мен ділінің, салт-дәстүрлерін сезіну, жерінің Қазақстан екенін жете түсінуіне байланысты. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «Отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» сияқты құндылықтар негіз болған. Мысалы, қазақ халқы туып өскен жерін, ата анасының жерленген жерін ерекше қадір тұтқан, қай жерде болмасын олардың басына келіп, құран оқытып, бата жасатып тұрған, мүмкіндігінше туған жерден кетпеуге тырысқан. Оны «Отан оттан да ыстық», «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал-мәтелдерден-ақ көруге болады. Халық балалар мен жастарға өз Отанын, туған елін, халқын, ана тілін, салт-дәстүрін терең сезіммен сүйе білуге баулыған. Әркімге өзінің туып - өскен жері қымбат болатынын «Ер – елінде, гүл – жерінде», «Ел іші – алтын бесік», «Елінен безген ер оңбайды» деп ескертіп отырған. Яғни, өз болмыс-бітімін Отанынан жеке бөліп қарамаған. Отанын, елі мен жерін өзінің туған анасындай құрметтеген.

Жалпы білім беретін мектепте патриотизмге тәрбиелеу әртүрлі құралдар арқылы, соның ішінде музыка өнері арқылы жүзеге асырылады, сондықтан да ол «күрделі қоғамдық қатынастарды түсінуді жеңілдетеді, моральдық қатынастарды қабылдауға негіз болады». «Музыка – алып ұлы күш. Ол адамды сүйеге және жек көруге, жазалауға және кешіруге мәжбүр етеді», - деп айтуға болады [2].

Музыка патриотизм идеясын ерекше айқындылықпен, жарқындылықпен білдіруге қабілетті. Адамның сезіміне әсер ететін нәрсенің бәрі: туған табиғат көрінісі, халық әндері мен үйлері, тарихи және қазіргі заман көріністері музыкалық шығармаларда өзінің көрінісін табады, «музыкада жоғары әсемділікпен жанданады, сезімнің бастауына жылылық төгіледі».

Музыка өнерінің табиғаты әсер беретін, музыка арқылы патриоттық тәрбие берудің өзіндік ерекшеліктерін атап өту қажет. Музыка қоғамдық сананың бір түрі бола тұра, шынайы өмірді көрсете отырып, адамның ішкі жан-дүниесіне эмоционалдық тұрғыда әсер етуде мүмкіндігі бар.

Музыка ең алдымен, тыңдаушылардың эмоционалдық сезім өрісіне ықпалын тигізеді. Адамгершілік жағынан жетілдірілген тұлғаның эстетикалық негізін қалауда ерекше рөл атқарады. Музыканың адамның сезімдік дүниесіне терең эмоционалдық ықпалынан басқа, рухани көзқарастарының, сенімінің қалыптасуына әсер ететіндей идеялық-көркемдік мазмұны бар. Бұл жағдай музыканың тәрбиелік ролін анықтауда біз үшін өте маңызды, себебі мектеп оқушыларының тек патриоттық сезімін ғана емес, сондай-ақ, патриоттық санасын тәрбиелеу қажет. Музыка адамның қоршаған ортаға деген түрлі сезімдерін білдіре алады.

Музыка өнерінің бұл ерекшелігі *біріншіден* эстетикалық тәрбиенің мазмұнын анықтайды. Патриоттық тәрбиенің ерекшелігі де, нақты заттық, патриоттық мазмұнды мақсаттылықпен қабылдауы болып табылады. Сонымен қатар оларда, олардың өзара әрекеттестігін анықтайтын көп ортақтық бар. Бұл мәселені эстетикалық тұрғыда қабылдау, әдемілікті сезініп, бірге түйсіне білу.

Эстетикалық саланың өзекті мәселесі сұлулықты сезіп, бірге түйсіну болып табылады, және осыны жете түсінуге эмоционалдық жағдай көмектеседі. *Екінші* жағдайда ең бастысы патриоттық мазмұнды жете түсіну болып қабылданған сезімдік-образды бекітуге эмоционалдық жай-күй көмектеседі.

Бірақ екі жақтың тәрбиелік ықпалына да сезім мен ойдың өзара әрекеттестігі себепші болады және осы процесті бағалай білетін танымның ерекше түрі пайда болады. Музыка өнері арқылы эстетикалық және патриоттық тәрбие берудің бірлігі де, айырмашылығы да, осында болып табылады.

Патриоттық тәрбие мазмұнын «патриотизм» ұғымы тұрғысында қарастыра келе, музыка өнері осы белгілердің топтарын көрсетеді, соның ішінде, «Туған өлкем» тақырыбы бойынша біріккен белгілер тобы жетекші орын алады деуге болады. Бұл өзінің ерекше тұрақтылығымен, ғасырлар бойы тұрмыста орнығып, патриотизмді тәрбиелеудің негізін салады деп түсіндіріледі. Белгілердің нақ осы тобы балаларға арналған шығармаларда кең көлемде орын алады, себебі бала туған өлке, ел, әдет-ғұрып, салт -дәстүр, тілге деген үйреншікті сезімдеріне ерте кезден ие болғанымен, аса жете түсінбейді. Патриотизмнің қалған басқа белгілері, негізінен саналы түрде оның мазмұны мен бұқаралық мәнін қабылдап түсіне алатын кезде мақсатты түрде тәрбиенің ықпалымен мектепте қалыптастырылады.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау музыканың жеткіншектерге патриоттық тәрбие берудегі ықпалының зор екендігін көрсетеді.

Музыкасыз жер бетінде бірде-бір халық өмір сүре алмайды. Музыка адам өміріне өте ерте бала кезден енеді, өмір бойы бірге жүреді. Адам сезімі, оның ойы, арманы және іс-әрекеті музыка арқылы беріледі. Музыкада бүкіл адамзат өмірі, айнадағыдай бейнеленеді.

Музыка өнері дүниеге көзқарасты қалыптастырудың ықпалды құралы ретінде, жастардың адамгершілік қасиеттерін, моральдық интеллектуалдық ортасын, оқушылардың тұлғалық сезімдерін байытады. Өз елінің патриоттық мазмұндағы музыкалық шығармаларын үйрену жеткіншектерге патриоттық тәрбие берудің құрамдас бір бөлігіне айналды. Оны қазақ халық музыкасының мүмкіндіктері де дәлелдейді.

Қазақ халық музыкасы жеткіншектерге жан-жақты тәрбие берудің, соның ішінде патриоттық тәрбие берудің таптырмас құралы болып табылады. Қазақ халық музыкасының ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде жетіп отыруына халық ақындарының әнші-

күйшілерінің, жыршыларының ролі ерекше болды. Олар қазақ халық музыкасын үлкен мереке-тойларда дәріптеген, өздерінің әншілік-күйшілік шеберліктерін шыңдаған.

Музыкалық шығармаларды таратуда, өз өнерлерін танытуда, сал серілердің де өзіндік орны болған. Кезінде А.Жұбанов: «...салдар мен серілер ол заманғы өнердің өкілдері. Бұл күндегі әртістерше сахнаға киетін киімін чемоданға салып алып келіп, әдейі оларға арналған бөлмеде қайта киінетін жағдай сал мен серіде болған жоқ. Олар ат үстінде де, ауыл сыртында да, базарда да, жәрмеңкелерде де өнерлерін көрсетті. Сондықтан басқа кісіге алабажак, өсіре қызыл көрінетін олардың киімдері сол сахнаға киетін киімдер. Ал олар өмірде де солай киініп жүреді. Өйткені, өмір мен өнердің екеуі бірі мен бірі қосылып, ұласып кеткен» - деп жазған [3]. Оларды халық күні-түні тыңдаудан жалықпаған. Мұндай кездесулер көрерменнің музыкалық - эстетикалық талғамын, адами көзқарасын дамытып, ұлттық патриотизмін қалыптастыруда айтарлықтай роль атқарған.

Отбасылық-тұрмыстық әндерде Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті көзқарас, ойын-сауықтар, мораль, күнделікті тұрмыс қарекеті, отбасылық өзара қарым-қатынастар сипатталады, өнеге тұтар нақыл сөздер көп пайдаланылады. Мысалы, «Мақтаншақ» әнінде шектен тыс даңғаза кербездік тәлкек етілсе, «Көксау шал» әнінде теңсіз неке айыпталады және т.б. Көптеген әндерде балаларға деген нәзік, мейірбанды сезім, аялы ықылас көрініс табады. Оны шілдехана, туған күн, бесік жыры, тұсау кесу, жеті жас, он үш жас, жиырма бес жас сияқты елеулі сәттерге арналған әндерден көруге болады. Тоқ етерін айтқанда, қазақтардың жас мөлшеріне байланысты әрбір маңызды кезең: баланың алғашқы езу тартып күлуіне, бірінші рет ат жалын тартып мінуіне, тұңғыш рет бәйгеге қатысуына дейін ән арқылы бейнеленіп отырады.

Оларда ата-аналардың балаға деген сүйіспеншілігі, оның тағдырына деген жауапкершілігі, бала болашағы туралы терең ой толғаныстары ашып көрсетіліп, адал, мейірімді, ақылды азамат болуға, өз халқының лайықты қорғаны, батыры, ең бастысы - бала кім болсын, мейлі шебер, мейлі малшы болсын, адам болып қалуға деген үлкен үміті, тілегі» айтылады. Бұған дәлел «Бесік жыры» өлеңі. Онда:

Бармақтарың майысып,

Таңдайларың тақылдап,

Түрлі ою ойысып,

Сөйлегенде сөз бермей,

Ұста болар ма екенсің?

Шешен болар ма екенсің?

немесе:

Құрығыңды майырып,

Айыр қалпақ киісіп,

Түнде жылқы қайырып,

Ақырып жауға тиісіп,

Жаудан жылқы айырып,

Батыр болар ма екенсің? -

Жігіт болар ма екенсің? дейді.

Әдет-ғұрыптық әндерге үйлену әдет-ғұрпы «Тойбастар», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу» немесе «Қыз қоштасу» сияқты дәстүрлі әндерді жатқызуға болады. Егер, «Той бастар» әнінде үйлену тойының басталғаны жарияланса, «Жар-жар», «Беташар» күйеу жігітті, қалыңдықты, ата-аналар мен туған-туысқандарды мадақтай отырып, жас жұбайларға игі тілектер тілеп, ақыл-кеңестер берген. «Сыңсу», «Қыз қоштасу» әндерінде қалыңдық ата-ана, туған-туыстарымен, ел-жұртымен, дос-жарандарымен, туып-өскен жерімен жастық - балалық өмірімен қоштасқан. «Сыңсу» мен «Қыз қоштасудың» өлеңдерін көп жағдайда ақындар шығарып беріп отырған. Жоқтау әндерінің де тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда рөлі ерекше болған.

Жасынан отбасылық-тұрмыстық және әдет-ғұрыптық әндердің ортасында өскен балалар мен жастар бірте-бірте өздерінің шығармашылық туындыларын қалыптастырады, айшықты сөйлеуге, айтайын деген ойын бейнелі жеткізе білуге үйренеді.

Жеткіншектердің тәрбиесінде ұлтжандық сезімін қалыптастыруда *еңбек әндерінің* мәні ерекше деуге болады. Олар өз мазмұнында тыңдаушыларды еңбектің түрлерімен, әрекеттерімен таныстырады, халықтың ауыр тұрмысын суреттеумен қатар, оның адам өміріндегі қажеттілігін ашып көрсетеді. Өз кезегінде қазақ халқының еңбегі мал шаруашылығымен байланысты болғандықтан, еңбектің пайдалы жақтары да көп болды. *Біріншіден*, бала мал бағып жүріп көптеген уақыты табиғат аясында өткізеді, оның әсемдігінен ләззат алады, *екіншіден*, аң-құстардың сан қилы дыбысын бір-бірінен айыра білуге, табиғат құбылыстарын бақылауға үйренді, *үшіншіден*, эстетикалық сезімі мен талғамын қалыптастырды, *төртіншіден*, Отанын, туған жерін қадірлеуге, батылдыққа, төзімділікке баулиды.

Қорыта келе, қазақ халық музыкасы арқылы жеткіншектерді ұлттық елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылатын әртүрлі музыкалық іс-әрекеттерге қатыстыру мәселесі ұлттық тәрбие беру туралы қоғам талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап, болашаққа жол ашуға бағыттайды. Осы орайда мектепте өткізілетін іс-шаралар мазмұнында қазақ халық музыкасын кеңінен пайдаланып, олардың Отан туралы білімдері мен сезімдерін оятып, азаматтық тұлғасын қалыптастыруға ерекше мән берілуі тиіс. Қазақ халық шығармалары, жарқын көркем бейнелер арқылы жеткіншектерге Отан туралы идеялар мағынасын, күрделі ойлар мен сезімдердің рухани мәнін ұғынуға мүмкіндік бере отырып, жеке тұлғалық жағынан өз елінің белсенді патриоттық көзқарасы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу мәселесі жалпы ұлттық тәрбие идеясын жалғастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Сохор А.Н. Воспитательная роль музыки. – Л.: Музыка. 1975. – 64 с.
3. Жұбанов А. «Замана бұлбұлдары». – Алматы: «Білім», 1963 ж.
4. Қозыбаев Е.Ш. Қазақтың музыкалық фольклоры арқылы жоғары сыныптардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Алматы, 1998
5. Халикова Р.Ш. Народное творчество как средство воспитания любви к родному краю у детей старшего возраста. М; 1987
6. Қышқашбаев Т.А. Музыкально-эстетическое воспитание младших школьников средствами казахской народной инструментальной музыки. Алматы.-2006.